



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2024 ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын «Үлбі металлургиялық зауыты» Акционерлік қоғамы, оның атынан [Тапсырыс беруші басшының негіздемесі] [Тапсырыс берушінің қосымша бекіткен негіздемесі] негізінде әрекет ететін [Тапсырыс беруші басшының лауазымы] [Тапсырыс беруші басшының Т.А.Ә.], бір тараптан және бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын [Орындаушының толық атауы] [Консорциумның атауы], оның атынан [Орындаушы басшының негіздемесі], [Орындаушының қосымша бекіткен негіздемесі] негізінде әрекет ететін [Орындаушы басшының лауазымы] [Орындаушы басшының Т.А.Ә.], екінші тараптан, бұдан әрі бірге «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке «Тарап» деп аталып, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-на тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың Сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес (бұдан әрі - Тәртіп) және [Шарт жасауға негіздеме] № [Құжаттың нөмірі] негізінде қызметтерді сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт және (немесе) осы Шарт) жасады және төмендегілер жөнінде келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып, келесіні растайды: • қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқ екенін; • осы Шартқа қол қояр алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде берілген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.2.1. Шарт.

1.2.2. Сатып алынатын қызметтер тізбесі (Веб-порталда қалыптастырылады) (№1 қосымша).

1.2.3. Техникалық ерекшелік (Веб-порталда қалыптастырылады) (№2 қосымша).

1.2.4. Қызметтерді орындауға арналған шарттағы елішілік құндылықтың болжамды/нақты есебі (Веб-порталда қалыптастырылады) (№3 қосымша).

1.2.5. Контрагент анкетасы (Орындаушымен электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылады) (№4 қосымша).

1.2.6. ESG анкета-сауалнамасы (Орындаушымен электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылады) (№5 қосымша).

1.2.7. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Санкциялық шектеулерге сәйкестік кепілдіктері (№6 қосымша).

1.2.8. Көлік қызметтерін сатып алу көзделген шарттар үшін Орындаушының осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуіне арналған көліктің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарттың қолданылу кезеңінде оны пайдалануға мүмкіндік беретін пайдалану мерзімі болуы тиіс.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Егер шартпен көрсетілген қызметтер факті бойынша төлем көзделген болса Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем жүргізеді.

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Веб-порталда Қазақстан Республикасының резиденттерімен қол қойылатын шарттар үшін Электронды құжат нысанында Шарт бойынша нақты көрсетілген Қызметтер көлеміне елішілік құндылық есебі (орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің әрбір Актісімен бірге электронды сатып алуларды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде ұсынылады (өспелі қорытындысымен) (Р-1 нысанында) (бұдан әрі – Акт); Есепте растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса ұсына отырып, осы





Шарттың № 3-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылық ұйымдарының есептеудің бірыңғай әдістемесінің талаптарына сәйкес жүргізілген елішілік құндылық есебі қамтылуы тиіс. Расчета внутривановой ценности на объем Услуг, фактически оказанных по Договору, в форме электронного документа (предоставляется в информационной системе АО «Самрук-Казына», обеспечивающей проведение электронных закупок (далее – Веб-портал) с каждым Актом выполненных работ (оказанных услуг) (формы Р-1) (далее - Акт). Отчет должен содержать расчет внутривановой ценности, произведенный в соответствии с требованиями Единой Методики Расчета организациями внутривановой ценности при закупке товаров, работ и услуг, утвержденной приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 20.04.2018 № 260, по форме согласно Приложению № 3 к настоящему Договору, с приложением копий подтверждающих документов.

2.4.2. Веб-порталда Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен қол қойылатын шарттар үшін Заңнама талаптарына сәйкес жазып берілген _____ (Орындаушы елінің атауын көрсету. Мысалы: «Ресей Федерациясы») көрсетілген Қызметтердің әрбір актісімен электронды құжат нысанында Шарт бойынша нақты көрсетілген Қызметтер көлеміне (өспелі қорытындысымен) елішілік құндылық есебі (бұдан әрі – Акт). Есепте растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса ұсына отырып, осы Шарттың № 3-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылық ұйымдарының есептеудің бірыңғай әдістемесінің талаптарына сәйкес жүргізілген елішілік құндылық есебі қамтылуы тиіс.

2.4.3. Тараптармен қол қойылған Акті.

2.4.4. Жалпы сомасы 1000 АЕК жоғары шарт бойынша ҚҚС төлеушілері, ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін Салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазылған шот-фактура.

2.4.5. Жалпы сомасы 1000 АЕК дейін шарт бойынша ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін Шот.

2.4.6. Шарттың 5-бөлімінде көрсетілген құжаттар

2.5. Тапсырыс беруші қағаз нұсқада Актіні (Актілерді) қабылдағаннан кейін Орындаушы Веб-порталда көрсетілген қызметтер Актісін электрондық түрде қалыптастырады және оған қол қояды.

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Қызметтерді көрсету мерзімдері, талаптары, көлемі және орны осы Шарттың № 1 Қосымшасына/№ _____ Қосымшаларына сәйкес анықталады.

3.2. Қызметтерді көрсету талаптары, көлемі осы Шарттың № 1 Қосымшасына/№ _____ Қосымшаларына сәйкес анықталады.

3.3. Қызметтерді көрсету мерзімі № Қосымшаға сәйкес (егер қызметтерді көрсету кестесі қажет болса) Шартқа қол қойған күннен бастап _____ күн ішінде.

3.4. Қызметтерді көрсету орны - _____.


4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Егер шартпен Шартты орындауды қамтамасыз ету ұсыну көзделсе Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет ету мерзімімен Шартты орындауды қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнынан 1% түрінде [Шартты орындауды қамтамасыз ету түрі] енгізу. Бұл міндеттеме Орындаушы Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, оған қолданылмайды; Шартты орындауды қамтамасыз ету мөлшері сатып алу сомасына байланысты белгіленсін (қажетті нұсқаны таңдау керек) - а) Шарттың жалпы сомасынан 3% (сатып алу сомасы қоса алғанда 75 000 000 теңгеге дейін болғанда); - б) Шарттың жалпы сомасынан 1% (сатып алу сомасы 75 000 000 теңгеден артық болғанда);

4.1.2.1. Банк кепілдігі берілген жағдайда, бұндай қамтамасыз ету (кепілдеме) келесі ақпараттан тұруы қажет: 1) Банк кепілдігінің түрі (шарттың орындалуы); 2) Банктің атауы; 3) Банк кепілдігінің (кепілдеме міндеттемесінің) нөмірі; 4) Банк кепілдігінің күні; 5)





Мерігердің атауы; 6) Шарттың нөмірі және күні; 7) Шарттың мәні; 8) Банк кепілдігінің сомасы; 9) Банк кепілдігінің әрекет ету мерзімі.

4.1.3. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады; Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің нақты көлеміне (өспелі қорытындысымен) электронды құжат нысанында елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады) әр Көрсетілген Қызметтер актісімен бірге ұсынылады; Осы Шарттың 2-бөлімінде көрсетілген құжаттар.

4.1.4. Жалпы сомасы 1000 АЕК жоғары шарт бойынша ҚҚС төлеушілері, ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін Акт бойынша көрсетілген Қызметтерді тапсыру, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бойынша шот-фактура жазып беру. Жалпы сомасы 1000 АЕК дейін шарт бойынша ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін Акт бойынша көрсетілген Қызметтерді тапсыру және төлем шотын ұсыну.

4.1.5. Қызметтерді көрсету үдерісінде туындауы мүмкін өзгерістер туралы Тапсырыс берушіге _____ жұмыс күннен кешіктірмей ресми хабарлау және осы өзгерістерді барлық келісулерді жедел жүргізу

4.1.6. Білімі мен қолда бар барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қызметтерді көрсетуді ұйымдастыру және көрсету. Орындаушы көрсетілетін қызметтердің әдістері, бірізділігі және сапасы үшін, сонымен қатар Шарт бойынша барлық көрсетілетін Қызметтерді үйлестіру үшін толық жауапты болу.

4.1.7. Көрсетілген қызметтердің тиісті сапасын Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қамтамасыз ету.

4.1.8. Тапсырыс берушінің құжаттарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындау.

4.1.9. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты Орындаушыға белгілі болған қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, сондай-ақ дербес деректерді жария етпеу.

4.1.10. Өзара талаптың жоқ екендігі туралы салыстыру актісіне Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күннен кешіктірмей қол қою.

4.1.11. Қызметтерді көрсетуге қажетті отандық материалдарды (тауарды және жабдықтарды) егер осы материалдар (тауарлар және жабдықтар) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін болса, сатып алуға.

4.1.12. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.13. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.14. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.15. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.16. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

4.1.17. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.18. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.19. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы өз қызметінің және (немесе) мамандарының өз иелігінде болуы (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).





4.1.20. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізу (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.21. Өз қызметкерлерін қауіпсіз қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.22. Келесілерге тыйым салынады: берілген рұқсаттамалардың жоғалуына немесе механикалық зақымдалуына; Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағында радиоэлектрондық байланыс құралдарын, электрондық, магниттік, оптикалық, қағаз ақпарат тасымалдағыштарды, фото-бейне жабдықтарды рұқсатсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша алып өтуге және (немесе) пайдалануға; Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағынан дұрыс ресімделмеген құжаттар (тауар-материалдық құндылықтардың нақты көлемі, саны және/немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сәйкес келмейді) бойынша тауар-материалдық құндылықтарды; рұқсаттаманы басқа адамға беруге; қолдан жасалған немесе мерзімі өткен Рұқсаттама бойынша күзетілетін аумаққа өту (өту) әрекеттеріне; Орындаушы қызметкерінің Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта алкогольден немесе есірткіден масаң күйде болуына, сондай-ақ күзетілетін аумаққа алкогольден немесе есірткіден масаң күйде өту әрекетіне; рұқсат беру құжаттарынсыз тауар-материалдық құндылықтарды Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағынан әкету (шығару) әрекеттеріне тыйым салынады; Тапсырыс берушінің аумағына тыйым салынған заттарды, нәрселерді, оның ішінде қаруды, оның ок-дәрілерін, улы және улағыш заттарды, көзден жас ағызатын не жүйкеге әсер ететін газы бар баллондарды, алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды әкелуге.

4.1.23. Рұқсатнаманың әрекет ету мерзімі өткен соң 5 (бес) жұмыс күн ішінде оны (рұқсатнаманы) Тапсырыс берушіге қайтару және Шарттың кураторына – _____ Тапсырыс берушінің рұқсатнамалар бюросының өкілі қол қойған рұқсатнаманы тапсыруы туралы анықтаманы ұсыну.

4.1.24. Тапсырыс берушіге жоғалған/бүлінген рұқсатнаманың құнын Тапсырыс беруші тиісті талап қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде өтеу. Шарттың 4.1.22-тармақшасында көрсетілген мерзімде Орындаушы рұқсатнаманы қайту туралы анықтама бермесе, рұқсатнама жоғалды деп танылады.

4.1.25. Тапсырыс берушіге толтырылған Контрагент анкетасын (осы Шартқа № 4 Қосымша) осы Шартқа қол қойған соң 5 (бес) жұмыс күн ішінде, және шарт 12 айдан артық уақытқа жасалса, жыл сайын ұсыну.

4.1.26. Тапсырыс берушіге осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде және егер шарт 12 айдан астам мерзімге жасалған болса, жыл сайын толтырылған ESG анкета-сауалнамасын (осы Шартқа №5 қосымша) ұсыну.

4.1.27. Веб-портал арқылы көрсетілген Қызметтер Актісін ұсынуға.

4.1.28. Осы Шартқа қол қойған соң 5 (бес) жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушінің <http://www.ulba.kz> веб-сайтында орналастырылған «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілер әдебі кодексімен өзі және жұмыскерлерін таныстыру, осы Шарттан шығатын сәйкес құқықтық қатынастарға қолданылады. «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілер әдебі кодексі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.1.29. Орындаушы, оның ішінде жұмыскерлері және олардың жанұя мүшелері, сонымен қатар қосалқы орындаушылар Шарттың бүкіл әрекет ету мерзімінде «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілер әдебі кодексіне сәйкес міндеттемелерді қабылдайды.


4.1.30. Сатып алу туралы шартты орындау үшін тартылатын Орындаушы жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының өзгеруі салдарынан, қызметтер көрсетуге сатып алу туралы шарт сомасын ұлғайту бөлігінде жасалған Шартқа өзгерістер енгізу кезінде әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру жөніндегі шараларды қабылдау шеңберінде: Шартты орындау үшін тартылған, Орындаушы жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарын көтеру.

4.1.31. Сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды, терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, заңсыз қызметке қатыспауға, Орындаушымен, оның акционерлерімен/ құрылтайшыларымен/ қатысушыларымен/ басшыларымен ынтымақтастыққа тыйым салатын санкциялардың болуын қоса алғанда, Орындаушының және(немесе) Тапсырыс берушінің беделіне теріс әсер етуі мүмкін өзге де жағымсыз сәттердің болмауына кепілдік беру және аталған жағдайлар болса, осы Шартты бұзу.

4.1.32. Шарт шеңберінде ҚР аумағына тауарларды әкелу көзделген бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткенге дейін Тапсырыс берушіге әкелінетін тауарға (тауарларға) келесі құжаттар немесе олардың көшірмелерін ұсыну қажет: - Орындаушының елінің салық заңнамасының талаптарын ескере отырып ресімделген шот-фактура _____ (елді көрсету). - Тауар-көлік жүкқұжаты (CMR). - Тауар жүкқұжаты/ Теміржол жүкқұжаты

4.1.33. Тауарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде Тапсырыс берушіге Тауармен бірге Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелері беретін мемлекеттік бақылаудан өткені туралы талон беруге.

4.1.34. Орындаушы өз қызметкерлерін Тапсырыс берушінің <http://www.ulba.kz>. веб-сайтында орналастырылған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы «ҮМЗ» АҚ басшылығының саясатымен танысуға және таныстыруға міндетті. Осы Шартқа қол қоя отырып, Орындаушы «ҮМЗ» АҚ басшылығының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы саясатының мазмұнымен танысқанын растайды.





4.1.35. Келесі тізім бойынша жасалатын шарттар үшін: - қызметтер аясында тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлар тізбесі бойынша; - қызмет көрсету кезінде тауар өндірушілерде тауарларды сатып алу қызметтер тізімі бойынша жасалатын: Сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Тиісті тізбеге енгізілген қызметтерді көрсетуге қажетті тауарларды сатып алуға. Орындаушы жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу туралы Шарттың талаптарында келісілген тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға Орындаушының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге Жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(лар) бағасынан төмен тауарды(тауарларды) қабылдау-табыстау актісінің(актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

4.1.36. Тараптар көрсетілген қызметтерді қабылдау-табыстауды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойған күнге дейін Орындаушының сатып алынатын тауарларды тауар өндіруші(лер)ден/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан(ұйымдардан) сатып алу туралы шарттың(шарттардың) көшірмелерін, тауарларды қабылдау-табыстау актілерін ұсынуы Орындаушының 4.1.42-тармақта көзделген міндеттемелерді орындауын растау болып табылады.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Шартты орындау тәсілдерін өз бетімен айқындау.

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.7. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.5. Егер Шартпен Шартты орындау кепілдемесін ұсыну көзделсе Енгізілген Шартты орындау кепілдемесін Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтару.


4.3.6. Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Акт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдауды немесе көрсетілген мерзімде көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан уәжді бас тартуды жолдауға тиіс. Көрсетілген Қызметтерде кемшіліктер болған жағдайда Орындаушыға жою мерзімін көрсетумен кемшіліктер тізбесін жолдау.

4.3.7. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты осы Шарт жасалған күннен бастап _____ күнтізбелік күні ішінде Орындаушыға ұсыну.

4.3.8. Шартты жабуды Тараптардың өзара талаптарының жоқ екендігі туралы Орындаушымен салыстыру актісіне қол қою арқылы жүргізу.

4.3.9. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қажет болған жағдайда Тапсырыс берушінің аумағына Орындаушының қызметкерлерін өтуге рұқсатпен қамтамасыз ету.

4.3.10. Орындаушыдан жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын өтеуді талап ету.





4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Осы Шартта және Қосымшаларда көрсетілген Қызметтердің сапалы және уактылы орындалуын талап ету;

4.4.7. Көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап ету.

4.4.8. Егер Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жою бойынша өз міндеттемелерін, шарттық міндеттемелердің талаптарын орындамаса, Қызметтерді көрсетуді бұзушылықтарды жойғанға дейін жалпы немесе бір бөлігін тоқтатуды жазбаша талап ету.

4.4.9. Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарту (Шарттан бас тарту) не Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Тәртіппен және (немесе) осы Шартпен көзделген жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзу.

4.4.10. Орындаушы шарттық міндеттемелерін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайларда тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге.

4.4.11. Орындаушының қызметіне араласпай, кез келген уақытта Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.12. Орындаушыдан есептелген айыппұлдардың сомасын ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және/немесе Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алу.

4.4.13. Көрсетілген Қызметтердің сапасына және/немесе толық орындалуына қатысты негізді келіспеушіліктерді ұсыну.

4.4.14. Қызметтердің көрсетілу барысы мен сапасын қадағалауды іске асыру.


4.4.15. Егер Шартпен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну көзделсе Орындаушы Қызметтерді көрсету мерзімін, көрсетілген Қызметтердің сапасын бұзғаны үшін Шартта көзделген тәртіпте Шарт бойынша төлем сомасынан немесе Шартты орындауды қамтамасыз ету кепілдемесінен біржақты тәртіпте тұрақсыздық айыбын ұстап қалуға.

4.4.16. Осы Шартты орындаумен байланысты банктік есеп айырысулар жөніндегі ақпаратты «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға (бұдан әрі – «Қор») осы Шартта көзделген банк арқылы «ҰМЗ» АҚ банктік шоты бойынша анықтамалар, үзінді-көшірме/үзінді-көшірмелер түрінде Қор талап еткен кез келген кезеңділікпен ұсыну.

4.4.17. Орындаушыдан жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын өтеуді талап ету.

4.4.18. Келесі жағдайларда бір жақты тәртіпте Шартты бұзу (Шартты орындаудан бас тарту): - Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес осы Шарттың № __ Қосымшасындағы нысан бойынша Контрагент анкетасын ұсынбағанда; - Орындаушыны комплаенс-тексеру кезінде теріс нәтиже анықталса; - Орындаушы «ҰМЗ» АҚ Өнім берушінің Әдеп кодексін бұзу фактілері анықталса;

4.4.19. Егер шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну көзделсе Егер тендер жеңімпазы Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Сатып алу туралы шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайларын қоспағанда, Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарту және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалу.





4.4.20. Орындаушыдан Орындаушының осы Шарт бойынша қызметтер көрсетуі кезінде Орындаушының әрекеттері немесе әрекетсіздігі нәтижесінде келтірілген залалды (жоғалуын, бүлінуін) өтеуді талап етуге.

4.5. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда Тараптар осы Шарттың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тармағының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4.6. Тараптардың ешқайсысының осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа беруге құқығы жоқ.

4.7. При заключении договоров на закупку ТРУ, оказывающих влияние на значительное потребление энергии: Исполнитель/Подрядчик/Поставщик обязан ознакомиться и ознакомить своих работников с Политикой руководства АО «УМЗ» в области энергосбережения и повышения энергоэффективности, размещенной на веб-сайте Заказчика <http://www.ulba.kz>. Подписывая настоящий Договор, Исполнитель/ Подрядчик/Поставщик подтверждает, что ознакомлен с содержанием Политики руководства АО «УМЗ» в области энергосбережения и повышения энергоэффективности.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Қызметтерді көрсетуді аяқтаған соң Орындаушы Тапсырыс берушіге техникалық тапсырмаға сәйкес (техникалық тапсырманың нөмірі мен күнін көрсету) құжаттаманы (қажет болған жағдайда уәкілетті органдарда келісілген құжаттаманың атауын көрсету) қағаз және электронды тасымалдағышта (санын көрсету) данадады ұсынады.

5.2. Жалпы сомасы 1000 АЕК жоғары шарт бойынша ҚҚС төлеушілері, ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін Қызметтерді көрсетуді аяқтаған соң Орындаушы Тапсырыс берушіге Актінің екі данасын және салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазылған шот-фактураны жолдайды.

5.3. Бейрезиденттермен жасалған шарттар үшін Қызметтерді көрсетуді аяқтаған соң Орындаушы Тапсырыс берушіге Актінің екі данасын және _____ (Орындаушының мемлекет атауын көрсету. Мысалы «Ресей Федерациясының») салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазылған шот-фактураны жолдайды.

5.4. Жалпы сомасы 1000 АЕК дейін шарт бойынша ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін Қызметтерді көрсетуді аяқтаған соң Орындаушы Тапсырыс берушіге екі данада Акт және шотты жолдайды.

5.5. Тапсырыс беруші алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Актіге қол қоюы немесе қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тартуды жолдауы тиіс. Тапсырыс беруші қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тартқан жағдайда, Тараптар қажетті түзетулер тізбесі мен оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, екіжақты акт жасайды.

5.6. Жалпы сомасы 1000 АЕК жоғары шарт бойынша ҚҚС төлеушілері, ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін Тапсырыс беруші Актіге қол қойғаннан кейін Орындаушы салық заңнамасының талаптарына сәйкес шот-фактура жазады.

6. Кепілдіктер және Сапа


6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы көрсетілген Қызметтердің сапасына Тараптар Актіге қол қойған күннен бастап _____ (кепілдік мерзімін көрсету) белгіленген кепілдеме мерзім ішінде кепілдеме береді.

6.3. Кепілдеме мерзімі шегінде Тапсырыс беруші кемшіліктер анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға кемшіліктерді жою және жою мерзімін көрсете отырып, хабарлама жолдайды. Орындаушы хабарлама алғаннан кейін кепілдеме мерзімі шегінде анықталған кемшіліктерді өз есебінен жояды.

6.4. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін: Осы Шарттың № _____ Қосымшасын сәйкес санкциялық шектеулерге сәйкес келу кепілдігі.

6.5. Резиденттермен жасалатын шарттар үшін: Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ-тың, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Швейцарияның, Австралияның немесе Тараптардың кез келгені орналасқан елдің санкцияларымен шектелмей, эксаумақтық әсері бар санкцияларға (бұдан әрі - Жаһандық санкциялар) шектеулер қойылмайтынына кепілдік береді және сендіреді. Тараптар осы Шартты орындауға тартылған, оларға қарсы Жаһандық санкциялар бағытталуы мүмкін кез келген тұлғаларды, компанияларды немесе ұйымдарды тартпауға немесе жалдамауға келіседі. Егер Тарап немесе оның құрылтайшы компаниясы немесе оның үлестес тұлғаларының кез келгені немесе осындай компаниялардың директорларының, лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің кез келгені («Санкцияға ұшыраған тұлға») немесе санкцияға ұшыраған осындай тұлға тұрып жатқан немесе Шартты орындайтын немесе бизнесті жүргізетін ел Жаһандық санкцияларға сәйкес айыппұлға тартылады немесе талап қойылады, немесе ерекше белгіленген азаматтығы және бұғатталған адамдар тізімінде болса («SDN-тізім»), екінші Тарап жауапкершіліксіз немесе айыппұлсыз Шарттың орындалуын санкциядағы тұлға SDN тізімінен шығарылғанға дейін немесе осындай санкциядағы Тұлға немесе санкциядағы Тұлға елі қандай да бір санкциялардың/шектеулердің объектісі немесе мақсаты болуды тоқтатқанға дейін, немесе басқа Тарапқа қандай да бір өтемақысыз





күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы себеппен оның қолданысын дереу тоқтатуға құқылы.

6.6. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша қызмет көрсету үшін тиісті тәжірибесі мен біліктілігі бар екеніне кепілдік береді. Орындаушы көрсетілген кепілдік мерзімі ішінде қателерді, кемшіліктерді және техникалық ерекшелік қызметтерінің басқа да сәйкессіздіктерін (осы Шартқа № 2 қосымша) өтеусіз түзетуге кепілдік береді.

6.7. Осы арқылы Орындаушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шартты жасасу және тиісінше орындау үшін барлық қажетті құқықтарға, өкілеттіктерге, лицензиялар мен рұқсаттарға ие екендігіне кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Шарт талаптарына сәйкес Қызметтердегі елішілік құндылық есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін Шарттың сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді;

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.3. Орындаушы Шартта көрсетілген Қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы көрсетілмеген/ көрсетілмеген Қызметтер құнының _____% мөлшерінде, бірақ уақытында орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан 10% аспайтын, өсімақы төлеуге міндетті; Өсімпұл мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану қажет (қажетті нұсқаны таңдау) - а) 1% (5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға, қоса алғанда, шарттар жасасу кезінде); - б) 0,5% (5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейінгі сомаға шарттар жасасу кезінде); - в) 0,3% (30 000 000 теңгеден астам сомаға шарттар жасасу кезінде).

7.2.4. Орындаушы анықталған кемшіліктерді осы Шарттың 6-бөліміне сәйкес уақтылы жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік үшін Шарттың сомасының ____% мөлшерде, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10 % аспайтын өсімақы төлеуге тиіс; Өсімпұл мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) 1% (5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға, қоса алғанда, шарттар жасасу кезінде); - б) 0,5% (5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейінгі сомаға шарттар жасасу кезінде); - в) 0,3% (30 000 000 теңгеден астам сомаға шарттар жасасу кезінде).

7.2.5. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз кімде кімге Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сонымен қатар Тапсырыс беруші не оның атынан басқа тұлғалар берген жобалық құжаттаманы не ақпаратты Орындаушы осы Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерінен басқа ешкімге ашпауы тиіс. Аталмыш ақпарат осы қызметкерлерге шарттық міндеттемелерді орындауға қажетті көлемде ғана берілуі тиіс.

7.2.6. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттар немесе ақпаратты Шартты орындау мақсаттарынан басқа мақсатта қолдануына болмайды.

7.2.7. ҚҚС төлеушісі болып табылатын Орындаушылар үшін (еншілес ұйымдардан басқа) Орындаушы Тапсырыс берушінің атына осы Шарт бойынша туындайтын сатулар бойынша айналымдарды ҚҚС бойынша салық есептілігінде уақтылы көрсетіп отыруға міндеттенеді және шот-фактуралардың салық заңнамасының талаптарына сәйкес дұрыс және анық толтырылуы үшін жауапты болады. Орындаушы салықтық міндеттемелер бойынша талап қою мерзімі ішінде қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының анықтығын растау мәселелері бойынша салықтық тексерулерді өткізу барысында Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растауға міндеттенеді. Жоғарыда аталған міндеттемелерді қадағаламаған жағдайда, Орындаушы салық заңнамасының талаптарына сәйкес қайтарудан шығарылған ҚҚС сомаларын өтеп беруге міндеттенеді.

7.2.8. Орындаушы Шартты орындау барысында және салдарынан туындайтын шығындар немесе Тапсырыс берушінің мүлкіне, жеке меншігі және жұмыскерлерінің денсаулығына залал келтірумен байланысты барлық тәуекел үшін, сондай-ақ Орындаушының жұмыскерлерінің қаза болғаны үшін толық жауапты болады.

7.2.9. Орындаушы Тапсырыс берушінің аумағында Қызметтерді көрсету кезінде «ҮМЗ» АҚ денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі, қоршаған орта менеджменті жүйесінің талаптарын сақтағаны үшін жауапты болады.

7.2.10. Қазақстан Республикасының резиденттерімен шарттар үшін Шарт бойынша кез келген міндеттемені тиісінше орындамаған (Қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу және/немесе сапасы тиіссіз Қызметтерді көрсету, Орындаушының кінәсі бойынша Шартты бұзу) жағдайда, Орындаушы есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды соңғы есеп айырысу кезінде Қызметтер үшін төлеуге





жататын сомадан шығару (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) құқығын Тапсырыс берушіге береді. Орындаушы бұл сомаға Шарт бойынша төлемді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Орындаушыға Орындаушының міндеттемені бұзғаны және есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды Қызметтер үшін төлеуге жататын сомадан шығарғаны (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) туралы хатты (хабарламаны) жолдайды.

7.2.11. Бейрезиденттермен шарттар үшін Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгені тиісінше орындалмаған жағдайда (Қызмет көрсету мерзімін бұзу және/немесе тиісті емес сапада Қызмет көрсету, Орындаушының кінәсінен шартты бұзу) Орындаушы Тапсырыс берушіге есептеу кезінде Қызметтер үшін төленуге жататын сомадан есептелген тұрақсыздық айыбын, залалдарды есепке жатқызуды жүргізу құқығын береді. Орындаушы Шарт бойынша төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін осы сомаға тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Орындаушыға Орындаушының бұзылған міндеттемесі және есептелген тұрақсыздық айыбын, залалдарды Қызметтер үшін төленуге жататын сомадан шегеру жүргізілгені туралы хат (хабарлама) жібереді. Осы тармақтағы залалдар деп құқығы бұзылған тұлға жүргізген немесе жүргізуі тиіс шығыстар, оның мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі (нақты залал), сондай-ақ егер оның құқығы бұзылмаса (жоғалған пайда), бұл сол тұлға айналымның қалыпты жағдайларында алуы тиіс алынбаған кірістер түсініледі.

7.2.12. Осы Шарттың талаптарына сәйкес контрагенттің сауалнамасы уақтылы ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан осы Шарт сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.13. Орындаушы Шарттың елеулі жағдайын бұзған жағдайда (Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартса), Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа, Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 20 % мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.14. Қызметтердегі елішілік құндылық жөнінде анық емес ақпарат ұсынылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының ____% мөлшерінде айыппұл төлейді. Өсімпұл мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану қажет (қажетті нұсқаны таңдау) - а) Шарттың жалпы сомасынан 5% мөлшерде (егер Шарт 5 000 000 теңгеге дейін сомаға жасалса); - б) Шарттың жалпы сомасынан 3% мөлшерде (егер Шарт 5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейін сомаға жасалса); - в) Шарттың жалпы сомасынан 1% мөлшерде (егер Шарт 30 000 000 теңгеден артық сомаға жасалса) айыппұл төлейді.

7.2.15. Мүдделер қақтығысының болуы жағдайында Тапсырыс берушіге шығын келтірілсе, Орындаушы Тапсырыс берушіге шығынды (нақты шығынды және алынбай қалған пайданы да) толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

7.2.16. Орындаушы мүдделер қақтығысы туралы мәліметтер қатысында жалған ақпарат берген жағдайда Тапсырыс берушіге келтірілген шығындарды Орындаушы толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

7.2.17. Шарт шеңберінде ҚР аумағына тауарларды әкелу көзделген бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 283-1-бабына сәйкес Тапсырыс берушіні әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан Шарттың 4.1.46-тармақшасы бұзылған жағдайда, Орындаушы осы бұзушылыққа байланысты Тапсырыс берушінің залалдарын өтеуге міндеттенеді.

7.2.18. Келесі тізім бойынша жасалатын шарттар үшін: - қызметтер аясында тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлар тізбесі бойынша; - қызмет көрсету кезінде тауар өндірушілерде тауарларды сатып алу қызметтер тізімі бойынша жасалатын: Орындаушы Шарттың 4.1.42-тармақшасын орындамаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге міндеттемені бұза отырып сатып алынған, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе Тараптар көрсетілген қызметтерді қабылдау - табыстауды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.3.1. Көрсетілген Қызметтер үшін төлемді негізсіз мерзімінен кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан 10% аспайтын, мерзімінен кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін қарыз сомасынан _ % мөлшерде өсімақы төлейді; Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қабылдау қажет (қажетті нұсқаны таңдау) - а) 1% (шарт қоса алғанда 5 000 000 теңгеге дейін сомаға жасалған жағдайда); - б) 0,5% (шарт 5 000 000 теңгеден бастап 30 000 000 теңгеге дейін жасалған жағдайда); в) 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден бастап сомаға жасалған жағдайда)

7.3.2. Егер Шартты орындауды қамтамасыз ету кепілдемесі ұсыну көзделсе Орындаушы ұсынған Шартты орындауды қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан 10% аспайтын, мерзімінен кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерде өсімақы төлейді;

7.3.3. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды негізсіз кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген Қызметтер Актісі сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімпұл төлейді.

7.3.4. Қазақстан Республикасының резиденттерімен шарттар үшін Тапсырыс беруші Шарттың елеулі талабын бұзған жағдайда (Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тартқан жағдайда) Тәртіптің 65-бабы 6- тармағына көзделген жағдайлардан басқа, Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан 20 % мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.





7.3.5. Бейрезиденттермен шарттар үшін Тапсырыс беруші Шарттың елеулі талабын бұзған жағдайда (Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тартқан жағдайда) Шарттың 8.3-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан 20 % мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

7.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер шарт талаптары бойынша Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтерді көрсету үшін құжаттарды ұсыну қажет болса) оның салдарынан Орындаушы шартпен көзделген өзінің міндеттерін орындай алмаса, Орындаушы Тапсырыс берушіден мерзімінен кешіктіру үшін келтірілген шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өтеуді талап етуге құқылы.

7.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

7.6. Егер Шартты орындауды қамтамасыз ету кепілдемесі ұсыну көзделсе Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төлеуге жататын немесе Шарттың орындалуын қамтамасыз ететін сомалардан Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімпұл) сомасын ұстап қалуына келіседі.

7.7. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші: - Тендерге қатысуға енгізілген өтінім кепілдемесінен ұстайды; - «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері бойынша уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді; - Біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартады.

7.8. Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған әр жағдай үшін, Шарттың 7.2-тармағы (Орындаушының жауапкершілігі) және 7.3-тармағы (Тапсырыс берушінің жауапкершілігі) бойынша жауапкершіліктен басқа, кінәлі Тарап екінші тарапқа 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.9. Шарттың 7.8-тармағы бойынша айыппұлды төлеуге негіз ретінде кінәлі Тараптың мекенжайына жолданатын тиісті актілер, шоттар болып табылады. Кінәлі Тарап келісілген сомаларды екінші Тараптың есептік шотына төлем шотын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде ақшалай қаражатты аудару арқылы төлейді.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.11. Тапсырыс беруші осы Шарттың 8.3-тармағына сәйкес осы Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс беруші осы Шарттың 8.3-тармағына сәйкес осы Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден осы Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өтеуге міндетті.

7.12. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Қазақстан Республикасының 25.12.2017 ж. № 120-VI Салық кодексіне (ҚР СК 644-645-баптары) сәйкес Орындаушының тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімпұлдар) және тұрақсыздық айыбының басқа түрлері түріндегі табысына 20% мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы салынады (ҚР СК 646-бабы). Шарттың осы тармағында Шарт бойынша қабылданған талаптарды бұзған Тапсырыс берушіден алынатын Шартта көзделген, құжатталған белгіленген тұрақсыздық төлемдері (айыппұлдар, өсімпұлдар) санкциялар деп түсініледі.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:


8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Бейрезиденттермен қол қойылатын шарттар үшін келесі жағдайларда: 1) Шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмаған жағдайда. Бұл жағдайда, міндеттеме Шарттың 11-бөлімінде көзделген еңсерілмейтін күш мән-жайларынан туындаса, оны орындау мүмкін болмауынан тоқтатылады. 2) белгіленген тәртіппен екінші тарап банкрот деп танылған жағдайда; 3) мемлекеттің органның актісі негізінде жасалған шарт өзгертілген немесе жойылған жағдайда.

8.3.3. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.4. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.4.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары





қысқарған жағдайда;

8.3.4.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.5. Консультациялық қызметтерді сатып алуға жасалатын шарттар үшін шартқа келесі тармақ енгізілсін Тапсырыс берушінің Шартты орындау процесінде өнім берушінің анық емес ақпаратты және/немесе мүдделер қақтығысының болмауы туралы жалған мәліметтерді бергенін анықтаған жағдайда;

8.3.6. Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген;

8.3.7. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда;

8.3.8. Тәртіппен көзделген басқа жағдайларда.

8.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.5. Қызметтерді сатып алу негізделген мақсатқа сай еместігіне байланысты Шартты орындаудан бас тарту Тапсырыс беруші Орындаушыға нақты келтірілген шығындарды төлеу шартында рұқсат етіледі.

8.6. Егер Шарт бұзылса, Орындаушы Қызметтерді көрсетуді дереу тоқтатуы тиіс.

8.7. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, екінші Тарап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға не Шартты орындаудан бас тартуға (шарттан бас тартуға) құқылы. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама екінші Тарапқа Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жолдануы тиіс. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне ену күні ретінде хабарламада көрсетілген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ертерек келетініне байланысты алынған болып саналады. Шарттың осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген жағдайда Шартты бұзу (бас тарту) үшін екінші Тараптың қосымша келісімі талап етілмейді.

8.8. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.9. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама Орындаушыға Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын жолдануы тиіс. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне ену күні ретінде Тапсырыс беруші хабарламада көрсеткен күн болып табылады. Хабарлама, егер ол орындаушының электрондық поштасына немесе заңды мекен-жайына жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ертерек келетініне байланысты алынған болып саналады. Шарттың 8.3-тармағында көрсетілген жағдайларда Шартты бұзу (бас тарту) үшін Орындаушының қосымша келісімі талап етілмейді.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірілген жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.





9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Қазақстан Республикасының резиденттерімен және ҚҚС төлеушілерімен жасалған шарттар үшін Тараптар қол қойған күннен бастап Шарт жасалды деп және күшіне енді деп саналады және _____ 20__ ж. дейін әрекет етеді. Осы Шартқа қол қою күні ретінде Шартқа қай Тарап кешірек қол қойған күн болып табылады. Орындаушының Шарттың 7.2.6-тармақшасы бойынша жауапкершілігі бөлігінде Шарт салықтық заңнамаға сәйкес талап қою мерзімі кезеңінде әрекет етеді. Тараптардың өзара есеп айырысу бөлігінде және Орындаушының Шарттың 6-бөлімі, 7.2.2-тармақшасы бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

10.2. ҚҚС төлеушісі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының резиденттерімен, бейрезиденттерімен жасалған шарттар үшін Тараптар қол қойған күннен бастап Шарт жасалды деп және күшіне енді деп саналады және _____ 20__ ж. дейін әрекет етеді. Осы Шартқа қол қою күні ретінде Шартқа қай Тарап кешірек қол қойған күн болып табылады. Тараптардың өзара есеп айырысу бөлігінде және Орындаушының Шарттың 6-бөлімі, 7.2.2-тармақшасы бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

10.3. Келесі жылға арналған, бірақ ағымдағы жылы жасалатын мәмілелер үшін Тараптар қол қойған күннен бастап Шарт жасалды деп және күшіне енді деп саналады және 31.12.202__ ж. дейін әрекет етеді, бұл ретте Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері 01.01.202ж. (келесі жылдың күні қойылады) бастап туындайды. Осы Шартқа қол қою күні ретінде Шартқа қай Тарап кешірек қол қойған күн болып табылады. Тараптардың өзара есеп айырысулары, сондай-ақ Шарттың 6-бөлімі, 7.2.2-тармақшасы бойынша Орындаушының міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерді толық орындағанға дейін әрекет етеді. ҚҚС төлеушілермен жасалатын шарттар үшін 7.2.7-тармақша бойынша Орындаушының жауапкершілігі бөлігінде Шарт салық заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі ішінде қолданылады. Для договоров, заключаемых плательщиками НДС В части ответственности Исполнителя по подпункту 7.2.7, Договор действует в течение срока исковой давности согласно налоговому законодательству.

10.4. Мүдделілігі бар мәмілелер үшін Шарт Қазақстан Республикасының заңына және Тараптардың Жарғыларына сәйкес Тараптардың уәкілетті органдары Шартты жасау туралы шешім қабылдаған сәттен бастап жасалды деп және күшіне енді деп саналады және _____ 20__ ж. дейін әрекет етеді. Тараптардың өзара есеп айырысу және кепілдемелер бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді. Шешімді қабылдау уақыты деп қай Тарап кешірек шешім қабылдаған күн болып табылады. ҚҚС төлеушілермен жасалатын шарттар үшін 7.2.7-тармақша бойынша Орындаушының жауапкершілігі бөлігінде Шарт салық заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер кешіктіру еңсерілмейтін күш мән-жайларымен байланысты болса, Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды (төленген аванстық сомаларды қайтару міндетінен басқа).

11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сұрапыл сипаттағы құбылыстар: су тасқындары, жер сілкіну, өрттер, дауылдар, Тараптардың кінәсінен емес болған апаттар, сондай-ақ қоғамдық құбылыстар: соғыс іс-қимылдары, блокада, заң шығарушы және атқару органдарының осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін шешімдері жатады.

11.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының болғаны туралы Тараптар біріне-бірі мұндай мән-жайлар мен олардың себептері туралы олардың басталу сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға тиіс. Екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы туралы олардың туындау күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде хабарламауы осындай жағдайлардың әрекетіне тап болған Тарапты осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы үшін осы Тарап негіздеме ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады. Егер Тараптан өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, еңсерілмейтін мән-жайларына сілтеме жасайтын екінші Тарап Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды орынды болғанынша жалғастырады және Шартты орындаудың еңсерілмейтін күш мән-жайларына тәуелді емес баламалы тәсілдерін іздестіреді. Бұл жағдайда, осы мән-жайлардың Шартты орындау мерзімдері бүкіл Шартты немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары болғаннан кейін орындалуға жататын бөлігінің мерзімінде орындалуына айтарлықтай әсер етсе, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері осы еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекет ету уақытына ұзартылады.

11.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасаушы Тарап оларды растау үшін тиісті уәкілетті орган берген құжатты ұсынуға міндетті.

11.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары болған жағдайда, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтатады, қажет болған жағдайда нақты көрсетілген Қызметтер үшін өзара есеп айырысу жүргізеді.

11.6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары бір айдан артық уақытқа созылса, Тараптардың кез келгені қабылдаған шешімі жөнінде екінші Тарапқа хабарлай отырып, осы Шартты толық немесе бір бөлігінде бұзуға құқылы.

11.7. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының болуына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Орындаушы Шартты бұзу күніне қарасты





болған нақты шығындары үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Тараптар Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерін салуға тиіс.

12.2. Кінәрат-талаптық тәртіпті қадағалау Тараптар үшін міндетті болып табылады. Атына кінәрат-талап жіберілген Тарап оны қарауға және кінәрат-талапты алған сәттен бастап 15(он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей екінші Тарапқа жазбаша жауап жолдауға міндетті.

12.3. Тараптар келісімге келе алмаған даулар Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының сот органдарында қаралады. Споры, по которым Стороны не достигли соглашения, рассматриваются в судебных органах Республики Казахстан по месту нахождения Заказчика.

12.4. Жүктерді, жолаушыларды немесе багажды тасымалдау шарттары үшін Жүктерді, жолаушыларды немесе багажды тасымалдау шарттарынан туындайтын тасымалдаушылармен даулар, тасымалдаушының (көлік ұйымының, жеке кәсіпкердің) орналасқан жері бойынша сотта қаралады.

12.5. Шартты орындау және дауларды қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылатын құқық болып табылады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.


13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Осы Шарттың 13.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күн мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін басқа Тараптың атына беруге міндетті.

13.9. Орындаушы Шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелері бұзылды немесе болуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған Тапсырыс берушіні құпия хабардар ету көздері бойынша хабарлама жібере алады.

13.10. Тапсырыс беруші осы Шартты орындауға байланысты Орындаушының қызметіне, оның құжаттары мен жазбаларына өз қалауы бойынша тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Тапсырыс беруші мұндай тексеру туралы жазбаша хабарламаны болжамды тексеру күніне дейін 20 жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті және оны дербес немесе үшінші тарапты тарта отырып жүргізе алады.

13.11. Орындаушы Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілген хабарламаны





алғанын растауы және осындай хабарламаны алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде тексеру жүргізілген күнді растауы тиіс. Тексеру жүргізу кезінде Тапсырыс беруші немесе уәкілетті үшінші тарап осы Шартты жасау, орындау, бұзуға байланысты немесе оның шеңберінде Орындаушының жұмыскерлерінен сұхбат алуы мүмкін.

13.12. Егер тексеру нәтижесінде Орындаушының оларға берілген кепілдіктер мен куәліктерді бұзу жағдайлары анықталса, Орындаушы көрсетілген анықтау күнінен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей сәйкессіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдауға және осындай шаралар туралы Тапсырыс берушіге жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шараларды Орындаушы өз есебінен қабылдауы тиіс.

13.13. Егер Мердігер тексеру жүргізуден бас тартса немесе сәйкессіздіктерді немесе сәйкессіздікті жою бойынша шаралар қабылдаса, онда Тапсырыс беруші бұзған Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіпте бас тартуға құқылы.

14. Құпиялылық бөлімін егер шарт талаптары бойынша шектеулі таратуды және (не) құпиялы ақпаратпен алмасу көзделсе, осындай шарттарға (келісімшартқа) қосу қажет, басқа жағдайларда бұл бөлім енгізілмейді.

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

14.3. Шартты орындаумен байланысты ақпарат және/не құжат, немесе Тараптарға олардың қызметі туралы белгілі болған ақпарат және Тараптардың біреуінің коммерциялық құпиясына жатқызылған ақпарат құпиялы болып табылады. Сәйкес ақпарат және деректер «Құпиялы» не «Коммерциялық құпия» деп белгіленуі қажет.

14.4. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, алдын ала жазбаша келісімсіз Тараптардың бірінің құпия ақпаратын үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді.

14.5. Орындаушы Тапсырыс берушінің Орындаушы туралы құпиялы ақпаратты, онымен жасалған мәміле және операциялар туралы құзыретті мемлекеттік органдарға (оның ішінде сот органы) олардың жазбаша сұратуы бойынша, және осы органдар Қазақстан Республикасының заңымен көзделген іс-қимыл жүргізу кезінде жариялауға келісім береді.

14.6. Құпиялы деп белгілеген ақпарат Тараптардың тек осы шартты орындау мақатында белгіленген мамандарына ғана берілуі тиіс.

14.7. Тараптар құпиялы ақпаратты тек жабық байланыс арналары не курьерлік пошта арқылы жүргізілетіндігіне келісті.

14.8. Тапсырыс беруші Орындаушының алдын ала келісімінсіз Тапсырыс берушінің Жалғыз акционеріне құпия және өзге де қорғалатын ақпаратты беруге құқылы.

14.9. Осы бөлімнің 14.1-14.8 тармақтарында көрсетілген Тараптардың құпиялықты сақтау бойынша міндеттемелері Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталған соң 5 (бес) жыл ішінде күшіне ие болады.

15. Орындаушыны комплаенс-тексеру

15.1. Шарттың 13-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Тапсырыс беруші өзіне Орындаушыны комплаенс-тексеру құқығын қалдырады.

15.2. Орындаушыны комплаенс-тексеру барысында Тапсырыс беруші Орындаушыны ынтымақтастықтан бас тартуға негіз/теріс ақпарат/басқа мәліметтердің болуына, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, сыбайлас жемқорлық, ақшаның жылыстауы және лаңкестікті қаржыландырумен қоса қандай да бір заңсыз қызметке қатысуы барын, Орындаушының, оның акционерлері/құрылтайшылары/қатысушылары, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияға жататын тұлғалар тізімінде болуына тексереді.

16. Басқа талаптар

16.1. Осы Шарт мемлекеттік (егер шарт Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жасалса, «қазақ тілінде» деп жазу керек) және орыс тілдерінде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғаларымен электронды-цифрлық қолды (ЭЦҚ) пайдаланумен қол қойылған.





Шарттың мемлекеттік (егер шарт Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жасалса, «қазақ тілінде» деп жазу керек) және орыс тіліндегі мәтіндерінде келіспеушіліктер туған жағдайда Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді. Электронды Шарттың данасы «Самұрық-Қазына» АҚ электронды сатып алулар ақпараттық жүйесінде (<https://zakup.sk.kz>) сақталады және Тараптардың әрқайсысы электронды Шартқа кіру рұқсатына ие болады. Шарттың мемлекеттік және орыс тіліндегі мәтінінде келіспеушіліктер туған жағдайда Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді.

16.2. Тараптардың уәкілетті тұлғалары электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып қол қойған немесе Тараптардың уәкілетті тұлғалары қағаз нұсқада қол қойған және Веб-порталға жүктелген жағдайда, осы Шарттың барлық қосымшалары, өзгерістері мен толықтырулары оның ажырамас бөліктері болып табылады.

16.3. Осы Шартпен реттелмеген мәселелер Шартты орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

16.4. Тараптардың уәкілетті тұлғалар қол қойған, мөрмен куәландырылған және екінші Тарапқа электронды пошта (электронды хабарлама (графикалық түсті форматта сканерленген түпнұсқа) және/не факсимильді байланыс арқылы берілген құжаттарды түпнұсқаларын алғанға дейін Тараптар толыққанды заңды құжаттар ретінде мойындайтыны туралы келісті. Электронды пошта және/не факсимильді байланыс арқылы берілген құжаттарды көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен растау факс/электронды нұсқасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде міндетті болып табылады.

16.5. Орындаушы осы Шартқа қатысты ақпарат электронды түрде басты компания «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ талаптарына сәйкес «QazCloud» ЖШС «Деректерді өңдеу орталығында» (ДӨО) орналастырылуына келісім береді.

16.6. Консультациялық қызметтерді сатып алуға жасалған шарттарға келесі тармақтар қосылуы қажет: Орындаушы консультациялық қызметтерді көрсету барысында мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда Бірыңғай базамен көзделген деректерді ашумен Бірыңғай базаға қосуға келісім береді;

16.7. Орындаушы Тәртіпке сәйкес Тапсырыс берушінің Орындаушы туралы тиісті мәлімет алу мақсатында және (не) Орындаушы өз міндеттемелерін, жалпыға бірдей нормаларды және тәртіп ережелерін, бизнесті жүргізу этикасын, Корпоративтік стандарттың қағидалары мен талаптарын бұзуы туралы кәсіби бірлестіктерге хабарлау үшін Орындаушы мүше болып табылатын мемлекеттік органдарға, кәсіби бірлестіктерге жазбаша жүгінуіне келісім береді. Орындаушы бас тартқан жағдайда, оның бас тартуы заңды түрде дәлелденген болуы керек. Дәлелденбеген бас тарту жағдайында Тапсырыс беруші мүдделі қайшылықтың болуына күдігі туған жағдайда осындай бас тарту Орындаушының мүдделер қақтығысының болуын растауы деп тануға құқылы.

16.8. Орындаушы не оның заңды өкілдері Орындаушының және оның консультациялық қызметті көрсетуге тартылған жұмыскерлері туралы дербес деректерді жинауға, өңдеуге және қолдануға келісім береді.

16.9. Орындаушыға Жобаның мәніне байланысты не мәнінен шығатын сұрақтар бойынша 5 (бес) жыл мерзімге Шартта құпиялылық режимін сақтаудың одан да көп мерзімі (Жобаның ерекшелігіне және/не Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген жағдайларға байланысты) белгіленген жағдайлардан басқа Тапсырыс берушіге қарсы үшінші тұлғалардың мүддесін қорғауға тыйым салынады.

16.10. Орындаушы кез келген негіздеме бойынша, оның ішінде қызмет ауқымы не оның іскери абыройына тәуелсіз, мүдделер қақтығысы болған жағдайда Орындаушыға жауапкершіліктен жалтаруға тыйым салынады.


16.11. «Көрсетілген қызметтер актісі», «Қызметтерді қабылдау-табыстау актісі (актілері) деген сөздер мәтін бойынша «Акт» деп оқылсын.

17. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен Қ.Ә., Өскемен қ., Абай
даңғылы, 102
БСН 941040000097
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ756010151000014503
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 (723) 229-8123

БСН _____
БСК _____
ЖСК _____






Тел.: _____





Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі


жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Жыл	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
1 У	Қызметкерлерді емдік-профилактикалық тамақпен (арнайы тамақпен) қамтамасыз ету бойынша қызметтер, Қызметкерлерді емдеу-алдын алу тамақтандырылуымен (арнайы тамақтандыру) қамтамасыз ету қызметтері	ҮМЗ " АҚ қызметкерлеріне емдік-профилактикалық тамақтану және сүт беру жөніндегі қызметтер	1.000					3 175 939 393.65	ҚАЗАҚСТАН, Шығыс Қазақстан облысы, 631010000, Восточно-Казахстанская область, Усть-Каменогорск Г.А., г.Усть-Каменогорск, пр. Абая 102, АО "УМЗ"	-	01.2025 бастап 12.2029 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%





Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.






Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ p/c	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты , теңгемен	Шартта елішілік құндылықты , %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

- Шарт бойынша контрагент немесе оның жеткізушілері бола алатын тауардың Жеткізушісін көрсету қажет.
- Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skz.kz/>
- СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.
- СТ-KZ сертификатының сериясы.
- СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.
- СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.
- СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.
- СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең
- Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.






Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15$ (кесте 1)+ $\sum 8$ (кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Договор о закупке услуг № _____

Г. _____

«__» _____ 2024 г.

Акционерное общество «Ульбинский металлургический завод», именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице [Должность руководителя заказчика] [ФИО руководителя заказчика], действующего на основании [Основание руководителя заказчика], [Дополнительные утверждающие заказчика], с одной стороны, и [Полное наименование Исполнителя] [Наименование консорциума], именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице [Должность руководителя Исполнителя] [ФИО руководителя Исполнителя], действующего на основании [Основание руководителя Исполнителя], [Дополнительные утверждающие Исполнителя], с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее - Порядок), и на основании [Основание заключения договора] № [Номер документа], заключили настоящий договор о закупках услуг (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: - является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; - отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; - оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

1.2. Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют настоящий Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

1.2.1. Договор.

1.2.2. Перечень закупаемых услуг (формируется на Веб-портале) (Приложение № 1).

1.2.3. Техническая спецификация (формируется на Веб-портале) (Приложение № 2).

1.2.4. Прогнозный/Фактический расчет внутристрановой ценности в Договоре на выполнение услуг (формируется на Веб-портале) (Приложение № 3).

1.2.5. Анкета контрагента (предоставляется Исполнителем в электронном формате или на бумажном носителе) (Приложение № 4).

1.2.6. Анкета-опросник ESG (предоставляется Исполнителем в электронном формате или на бумажном носителе) (Приложение № 5).

1.2.7. Для договоров, заключаемых с нерезидентами: Гарантии соответствия санкционным ограничениям (Приложение № 6).

1.2.8. Для договоров, предусматривающих закупку транспортных услуг Транспорт, предназначенный для оказания Исполнителем Услуг по настоящему Договору, должен иметь срок эксплуатации, позволяющий его использование в период действия настоящего Договора, в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

2. Сумма Договора и условия оплаты

